

**"Ұрпақ +" мәдени-білім беру жобасын іске асыру аясында
«Мәңгі есімізде» балалар сурет жұмыстарының
республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Ұрпақ +" мәдени-білім беру жобасын іске асыру аясында мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру мекемелерінің білім алушылары арасында Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне арналған **«Мәңгі есімізде»** балалар сурет жұмыстарының республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқау мақсаты: бейнелеу өнері арқылы өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру.

Міндеттері:

1) Ұлы Отан соғысының тарихи оқиғаларын оқып-үйренуге тарту арқылы патриоттық көзқарасты қалыптастыру;

2) білім алушылардың Ұлы Отан соғысы, оның негізгі оқиғалары мен кезеңдерін, еңбек және соғыс ерліктері жайлы білімдерін шыңдау;

3) отандастарымыздың патриоттық сезімін тәрбиелеу, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің тарихи және рухани құндылықтарына, ұлттық және азаматтық сана-сезімін қалыптастыруға септігін тигізу;

4) білім алушылардың Ұлы Отан соғысы тарихын оқып-үйренуге қызығушылығын арттыру, тарихтағы Жеңіс ұғымы және оның ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға тигізетін әсері жайлы;

5) білім алушылардың шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары 2016 жылғы 25 сәуірге дейін **konkurs_pobeda@bk.ru**. электрондық поштаға қабылданады. Байқауға 2016 жылғы 25 сәуірден кейін түскен және Ережеге сәйкес келмеген байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқау қорытындысы, жеңімпаздар дипломдары мен қатысушылар сертификаттары 2016 жылғы 6 мамырда **www.ziyatker.org**. сайтына орналастырылады.

6. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты БАҚ-та жариялауға құқылы.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 72-98-99 («Мәңгі есімізде» байқауы).

7. Байқауға қатысу үшін 1500 (бір мың бес жүз) теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИККZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

АО БанкЦентрКредит

Төлемақы аталуы: «Мәңгі есімізде» балалар суреттерінің байқауы.

8. Байқауға қатысу үшін 1 қосымшаға сәйкес өтінімді және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасын) сканерден өткізіп, фотосурет жұмысын (jpeg, bmp, PNG, сандық фотосурет форматында) konkurs_pobeda@bk.ru электронды поштасына жіберу қажет.

3. Қатысушылар және байқауға қойылатын талаптар

9. Ұсынылған жұмыстар байқаудың тақырыбына, мақсатына және міндеттеріне сәйкес болуы керек.

10. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру мекемелерінің **18** жасқа білім алушылары дейін қатыса алады:

бірінші жас санаты: 7 жасқа дейінгі балалар;

екінші жас санаты: 8-10 жас;

үшінші жас санаты: 11-14 жас;

төртінші жас санаты: 15-18 жас.

орта жас санаты: 13-15 жас;

11. Байқау жұмыстары келесі номинациялар бойынша қабылданады:

1) **«Соғыстың аты соғыс»** – майдандағы адамдардың өмірін анықтау сюжеті бойынша;

2) **«Еңбек майданы туралы»** - еңбек майданындағы адамдардың өмірі мен ерлігі жайлы;

3) **«Соғыссыз өмір»** - жарқын болашақ жайлы адамдардың армандарын ашып көрсететін сюжеттер.

4. Ұсынылған жұмыстарға қойылатын талаптар мен бағалау өлшемдері

12. Келесі талаптарға сай келетін конкурстық жұмыстар қабылданады: Кез-келген техниканы (акварель, гуашь, қарындаш, тушь, көмір, сангина, пастель және т.б.) пайдаланып салынған сурет.

Сурет өлшемі (А4), ресімделген паспарту.

Байқауға жұмыстар электрондық нұсқада жіберіледі (сканер, JPEG, BMP, PNG, сандық фотосуреттердің көмегі арқылы). Сурет А 4 форматындағы парақта орындалуы тиіс.

Сканерленген суреттер айқын болуы тиіс.

Байқауға бір қатысушыдан бір жұмыс қабылданады.

13. Байқаудың бағалау өлшемдері:

- байқау Ережесіне және тақырыбына сәйкестігі;
- құрамы мен түстердің қолданылуы;
- суреттің патриоттық бағыты;
- сюжеті;
- орындау техникасы;
- эстетикалық мәнері;
- өзіндік ойлау ерекшелігі;
- эмоциялық әсері бейне дәлдігі;
- тақырыпты ерекше пайымдауы;
- суреттің жарқындығы және дәлдігі;
- жұмыстың шығармашылық және өзіндік орындалуы;
- техникалық күрделілігі;
- орындау ұқыптылығы.

5. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

14. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.

15. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хатпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары **www.ziyatker.org** сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: **8(7172) 72 98 99** («Мәңгі есімізде» байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «Мәңгі есімізде» байқауы → жалғасы.

Республикалық интернет-байқауына қашықтықтан қатысуға өтінім

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Мекен-жайы	Білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	Байқаудың аты, жұмыстың номинациясы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)	Жетекшісінің толық аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы	Жетекшісінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7	8